

Казкоммерцбанк 2012 жылғы қызметінің нәтижелерін жариялайды

2012 жылғы 24 сәуір, Алматы. – Казкоммерцбанк, ХҚЕС талаптарына сәйкес құрылған шоғырландырылған қаржы есептілігіне негізделген 2012 жылдағы қызметінің нәтижелерін жариялады.

Негізгі көрсеткіштер

Резервтер мен салықтарға дейінгі пайда операциялық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің жақсаруының нәтижесінде 2011 жылмен салыстырғанда 125 млрд. теңгеге дейін 28 %-ға өсті:

- Түзетілген таза пайыздық маржа 3,3 %-дан 3,9%-ға өсті.
- Брутто-қарыздар 3,8% артты.
- Резервтерге дейінгі таза пайыздық кіріс 124,3 млрд. теңгеге дейін 9,7 %-ға өсті.
- Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс 14,7%-ға өсті.
- Операциялық шығындар 0,7%-ға азайды.
- Провизиялар есептелгенге дейінгі операциялық кірістерге қатысты операциялық шығындар 2011 жылдағы 25,9 %-бен салыстырғанда 21,3%-ға дейін жақсарды.
- Жекелеп қызмет көрсетілетін депозиттер көлемі жыл басынан 11,0% артты.

Реттеу ортасында жоспарланған өзгертулердің ықпалына жасалған талдау Банк үшін реттеу капиталына, ашық валюта позициясының көлеміне және өтімді активтер көлеміне қатысты кері ықпал етуі мүмкін теріс әрекет салдарын анықтады. Бұл теріс әрекеттердің ықпалы артық капитал мен 2012-де алынған пайда есебінен ХҚЕС бойынша ерекше резервтерді қосымша бір рет қалыптастыру нәтижесінде жойылды. Нәтижесінде:

- ХҚЕС бойынша резервтер көлемі реттеу талаптары бойынша резерв көлемімен теңесті.
- Капиталдың баламалылығы реттеу талаптарынан едәуір жоғары деңгейде сақталды
 - 1-ші деңгейдегі капиталдың баламалылық коэффициенті 13,7% құрады, бұл белгіленген ең төмен 5%-дық мәннен 2,7 есеге артық.
 - банктің меншік капиталының баламалылық коэффициенті 16,9% құрады, бұл белгіленген ең төмен 10%-дық мәннен 1,7 есеге артық.
- Клиенттерге берілетін несиелер бойынша резервтеу мөлшерлемесі жалпы несие көлемінен 2011 жылдың соңындағы 24%-дан 32,5% дейін артты.
- Әрекет етпейтін қарыздар айтарлықтай өзгерген жоқ және олар жалпы несие көлемінен 2011 жылдың соңындағы 28,6%-бен салыстырғанда 29,0% құрады.

ХҚЕС бойынша ерекше резервтерді қосымша бір рет қалыптастыру нәтижесінде банктің таза шығыны былтырғы жылдағы 23,5 млрд. теңге таза пайдамен салыстырғанда 130,9 млрд. теңгені құрады.

Пайыздық емес кірістер

Таза пайыздық емес кірістер бір жыл бұрынғы жылдағы 18,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылы 34,8 млрд. теңгеге, демек 87,4% өсті.

Таза пайыздық емес кірістердің өсуі, негізінен, 2011 жылдағы 1,0 млрд. теңгемен салыстырғанда 3,6 млрд. теңге көлемінде шетел валютасымен және қымбат металдармен жасалған операциялар бойынша алынған таза пайдаға және залал немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша шығын 2011 жылдағы 5,2 млрд.

теңгеден 2012 жылы 0,3 млрд. теңгеге дейін төмендеуіне байланысты орын алды. Осыған қоса дивидендтерден түсетін пайданың едәуір өсуі байқалды, ол 2011 жылдағы 210 млн. теңгемен салыстырғанда 2012 жылы 8,5 млрд. теңгені құрады. Бұл Банк акция ұстаушысы болып табылатын «Қазақтелеком» АҚ акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге байланысты болды.

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер 2011 жылдағы 23,9 млрд. теңгеден 27,5 млрд. теңгеге, яғни 14,7%-ға дейін өсті. Комиссиялық кірістің өсуі, негізінен, пластикалық карталармен жүргізілетін операциялардың 27,9%-ға, есеп айырысу операциялардың 19,2%-ға және кассалық операциялардың 9,0%-ға өсуі есебінен жүзеге асырылды.

Операциялық шығындар

Операциялық шығындар 2011 жылдағы 34,1 млрд. теңгемен салыстырғанда 33,9 млрд. теңгеге дейін, яғни 0,7%-ға төмендеді. Бұл персоналға қатысты шығындардың (1,3%-ға немесе 237 млн. теңгеге) және өзге шығындардың (3,9%-ға немесе 100 млн. теңгеге) азаюына байланысты болды.

Құнсыздану бойынша шығындар

Клиенттерге ұсынылған несиелер бойынша қалыптастырылған провизиялардың үлесі берілген несиелердің жалпы көлемінде 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 24%-бен салыстырғанда 32,5% құрады. Провизияларға бөлінген қаржы 2011 жылдағы 66,1 млрд. теңгемен салыстырғанда 286,3 млрд. теңгені құрады.

Әрекет етпейтін қарыздардың үлес салмағы несиелердің жалпы көлемінен 29,0% құрады. Салыстыратын болсақ, әрекет етпейтін қарыздардың үлесі 2011 жылғы 31 желтоқсанда 28,6% құраған. Банк әрекет етпейтін қарыздар ретінде корпоративтік клиенттер бойынша 30 және одан астам күнге және жекелеп қызмет көрсетілетін клиенттер бойынша – 60 және одан астам күнге мерзімін өткізген клиенттердің толық берешегін анықтайды.

Банк 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірнеше жылда ақшалай қаражат түспейтін жекелеген корпоративтік клиенттердің кейбір несиелерін анықтады. Бұл несиелер бойынша есептелген пайыздық кіріс 2011 жылдағы 42,2 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылы 42,3 млрд. теңгені құрады. Банк осы жағдайды ескеріп, сол кредиттер бойынша кредиттік шығын резервін қалыптастырды. Толығырақ ақпаратпен Банктің № 5 қаржылық есептілігіндегі ескертпеден танысуға болады.

Салық салу

Пайдаға салынатын салық бойынша шығын 2011 жылдағы 7,7 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылы 32,9 млрд. теңгені құрады.

Капиталдың баламалылығы

Тәуекел деңгейі бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтималды міндеттемелер 2011 жылдың соңындағы жағдаймен салыстырғанда 5,5%-ға артты және 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2 249 млрд. теңгені құрады (2011 жылғы 31 желтоқсанда 2 380 млрд. теңге).

Бірінші деңгейдегі капиталдың баламалылық коэффициенті 2011 жылғы 31 желтоқсанда 18,6%-дан 13,7%-ға дейін төмендеді. Шоғырландырылған есептілік негізінде есептелген меншікті капиталдың баламалылық коэффициенті 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 22,3%-бен салыстырғанда 2012 жылғы 31 желтоқсанда 16,9% құрады.

Бизнес сегменттері бойынша нәтижелер

Корпоративтік сектор және ШОБ

Корпоративтік секторға берілген нетто-несиелердің көлемі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 1 870,9 млрд. теңгемен салыстырғанда 1 704,5 млрд. теңгені құрады. 2011 жылдың аяғына клиенттерге берілген нетто-несиелердің жалпы көлеміндегі корпоративтік секторға берілген несиелердің (нетто) үлесі 90,0%-дан 88,9%-ға төмендеді.

Корпоративтік сектор клиенттері қаражатының көлемі (мемлекеттік бағдарламалар бойынша бөлінген қаражатты есепке алмағанда) 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 762,3 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылғы 31 желтоқсанда 789,2 млрд. теңгені құрады. Олардың клиенттер қаражатының жалпы көлеміндегі үлесі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 52,1%-бен салыстырғанда 50,8% құрады.

Жекелеп қызмет көрсету секторы

Жекелеп қызмет көрсетілетін клиенттердің қаражат көлемі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 594,1 млрд. теңгемен салыстырғанда 11,0%-ға немесе 65,3 млрд. теңгеге артып, 659,4 млрд. теңгеге жетті. 2012 жылдың басынан бері олардың клиенттер қаражатының жалпы көлеміндегі үлесі 42,4% дейін өсті (2011 жылдың аяғына 40,6%).

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында банктің 23 филиалы мен 130 бөлімшелері қызмет етеді. Осыған қоса, Банктің дамыған альтернативтік сатылым желісі бар. Банкоматтар мен POS-терминалдардың саны 1 382 және тиісінше 13 850 құрады.

Жекелеп қызмет көрсету секторына берілген нетто-несиелердің көлемі, негізінен нетто тұтыну несиелерінің өсуі есебінен, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 208,8 млрд. теңгеден 213,2 млрд. теңгеге дейін, яғни 2,1%-ға өсті. Клиенттерге берілген нетто-несиелердің жалпы көлеміндегі жекелеп қызмет көрсету секторына берілген нетто-несиелердің үлесі 2011 жылдың аяғындағы 10,0%-дан 11,1%-ға дейін өсті. Жекелеп қызмет көрсетілетін бизнеске берілген нетто-несиелердің көлеміндегі ипотекалық қарыздардың үлесі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 61,1%-ға қарағанда 57,7% -ға дейін төмендеді.

Казкоммерцбанк туралы

«Казкоммерцбанк» АҚ Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең ірі банктердің бірі болып табылады. 2012 жылғы 31 желтоқсанда Банктің активтері 2 444,8 млрд. теңгені құрады.

Банк зейнетақылық қамтамасыз ету, зейнетақы және қаржы активтерін басқару, сақтандыру және брокерлік қызмет көрсету салаларында қызмет ететін еншілес компанияларға ие. Сонымен қатар Банктің Ресей Федерациясында, Тәжікстан Республикасы мен Қырғыз Республикасында еншілес банктері бар.

Банктің ірі қатысушылары: «Орталық-Азиялық инвестициялық компания» АҚ, Н.С. Субханбердин мырза, «Alpair Capital Holding» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі.

Банктің акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (KASE) ресми тізіміне енгізілген. Негізгі активтері болып банк акциялары табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар (ЖДҚ) Лондон қор биржасының (ЛҚБ) листингінде орналастырылған. Банк ТМД банктерінің қатарында бірінші болып 2006 жылғы қарашада 845 млн. АҚШ доллары сомасына Лондон Қор Биржасында ЖДҚ нысаны бойынша IPO аяқтады .

Байланыс үшін:

Алия Нурсипатова, Инвесторлармен байланыс бөлімі



ПРЕСС-РЕЛИЗ

www.kkb.kz



Тел.: +7 (727) 258-51-25, E-mail: investor_relations@kkb.kz

Лариса Коковинец, Бұқарамен байланыс департаментінің директоры

Тел.: +7 (727) 258-54-56, E-mail: pr@kkb.kz